

Тұрабаев Ғ.Қ.,  
Түлеметова А.С.

**Қазақстандық мақта-талшығын  
экспорттау кезінде нарықтық  
бағаны анықтаудың қазіргі  
әдістері**

Мақалада қазақстандық мақта-талшығын экспорттау кезіндегі нарықтық бағаны анықтаудың қазіргі әдістері, бағаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар қарастырылған. Әлемдік тауарлық нарықтағы бағаның түзілуімен байланысты үдерістер және жалпы сипаттағы және таза қолданбалы түрдегі бағаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар талданды. Мақта-талшығының бағасына жасанды талшық бағасы, мұнай бағасы, астықтың бағасы және ауылшаруашылық дақылдарының орнын алмастыратын соя бағасы, нарықтың жоғары сұранысында фермердің мақта шикізатын алмастыратын астық бағасы, әлемдік, сондай-ақ, жеке елдің экономикасы мен саясаты, өнімділікке ықпал ететін ауа-райы сияқты көрсеткіштер ықпал етеді.

Аталған мақалада мақтаның әлемдік нарығындағы бағаның қалыптасуымен байланысты үдерістерге талдау жасалған. Сонымен қатар, мақалада Қазақстандағы мақта шаруашылығының даму болашағы мен мәселелеріне өз көзқарасын білдірген. Қазақстандағы мақта саласының жағдайын жақсартуға бағытталған зерттеу нәтижелерінен шығатын ұсыныстар мен нұсқаулар көрсетілген.

**Түйін сөздер:** мақта-талшығы, бағаның түзілуі, нарықтық баға, факторлар, жалпы жиылым, котировка (бағаның белгіленуі).

Turabaev G.K.,  
Tulemetova A.S.

**Problems and perspectives of  
development of cotton industry  
in Kazakhstan**

The article deals with modern methods for the determination of market prices for export of Kazakh cotton fiber, the factors are influencing on the formation of prices. The processes connected with pricing in the world trade market are analyzed and also the factors influencing pricing of the general and applied view are presented. The price of cotton is affected by such factors as: the oil price, affecting the price of synthetic fibers; prices for grains and soybeans as a substitute crops replacing cotton from farmers at higher market demand; economy and politics as well as the world in a single country; weather conditions affecting the crop. This article gives an analysis of the processes related to pricing on the world cotton market.

In this article analyze the process of formation of cotton prices in the world market. The article also analyzes the problems and prospects of development of the cotton sector in Kazakhstan. The article presents the proposal and guide research aimed at improving the conditions of cotton sphere in Kazakhstan.

**Key words:** cotton fiber, pricing, market price factors, the gross collection of quotes.

Тұрабаев Ғ.Қ.,  
Түлеметова А.С.

**Современные методы  
определения рыночной  
цены при экспортировании  
казахстанского хлопка-волокна**

В статье рассмотрены современные методы определения рыночных цен при экспорте казахстанского хлопка-волокна, факторы, оказывающие влияние на формирование цен. Проанализированы процессы, связанные с формированием цен на мировом торговом рынке, а также представлены факторы, влияющие на формирование цен общего и прикладного вида. Так, на цену хлопкового волокна влияют такие показатели, как цены на нефть, влияющие на цену искусственных волокон; цены на зерновые и сою в качестве заменяющих сельскохозяйственных культур, заменяющих хлопчатник у фермеров при повышенном спросе рынка; экономика и политика, как мировые, так и в отдельно взятой стране; погодные условия, влияющие на урожай.

В данной статье изучается процесс формирования цен хлопка на мировом рынке, а также проблемы и перспективы развития хлопкового хозяйства Казахстана. В статье представлены предложения и инструкция исследования, направленные на улучшение условий хлопковой сферы Казахстана.

**Ключевые слова:** хлопок-волокно, формирование цен, рыночная цена, факторы, общий сбор, котировка (установка цен).

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

\*E-mail: nauka\_kaznpu@bk.ru

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАҚТА-ТАЛШЫҒЫН ЭКСПОРТТАУ КЕЗІНДЕ НАРЫҚТЫҚ БАҒАНЫ АНЫҚТАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының Оңтүстік аймағы, елдің аграрлық өнеркәсіп кешені экономикасын дамыту үшін үлкен стратегиялық мәнге ие болып отырған мақта талшығының негізгі өндірушісі және экспорттаушысы болып табылады. Мақта шаруашылығы тоқыма, тамақ өнеркәсібі үшін шикізат көзі, ауылшаруашылық өндірісінің маңызды саласы болып қала береді.

Арнайы мәліметтер бойынша Қазақстанның оңтүстігінде бүгінгі күні 71 мың аграрлық қалыптасулар әртүрлі ауыл шаруашылық дақылдарын өсірумен айналысуда, оның ішінде 41 мыңға жуық шаруашылық мақта шаруашылығымен айналысып отыр.

Облыстың ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы көлемінде мақта 25% жоғары. 2014 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында мақта өсімдігінің егістік алаңы 126,5 мың гектарды құрады. ОҚО-дағы негізгі мақта өсіруші аудандар Мақтаарал (жалпы жиылымның 70%), Шардара (жалпы жиылымның 15%) аудандары. Сонымен қатар Мақтаарал ауданында, дақылдың ең үлкен егіс алқаптарының көрсеткіштері келесідей: 2013 жылы Мақтаарал ауданында мақта өсімдігінің егістік алқабы 94,1 мың га, 282,5 мың тонна мақта, әр гектардан орташа 30 центнер мақта шикізаты жиналған.


Бұл соңғы он жылда облыстағы өнімділіктің ең жоғары көрсеткішінің бірі болып табылады.

Мақта өсімдігінің егістік алқабының көрсеткіштері 1-суретте көрсетілген.


1-суреттегі мәліметтерді талдай отырып, 2011 жылдан бастап егістік алқабы жылдан-жылға қысқарып отырғанын көреміз, егер 2011 жылы 154,2 мың га алқапқа мақта егілсе, 2015 жылы – барлығы 99,29 мың га алқапқа мақта егілді, яғни 2011 жылға қарағанда 54,9 га аз болды. Бұл мақтаның жалпы жиылымының қысқаруына әсер етті (2-сурет).

2014 жылы 126,5 мың га жерден мақта жиналды, жалпы жиылым 313,3 мың тоннаны құрады.

2015 жылы ОҚО-да 99,29 мың га егістікке мақта өсімдігі егілді, мақтаның жалпы жиылымы 254,6 мың тоннаны құрады.



1-сурет – 2002-2015 жылдардағы мақта өсімдігінің егістік алқабы



2-сурет – 2002-2015 жылдардағы мақта-шикізатының жалпы жиылымы, мың тонна


Қазақстанның мақта саласының дамуының өзекті мәселесі, жоғары сапалы мақта-шикізаты өндірісінен кооперация және интеграция негізінде дайын өнімді өндіруге дейінгі оңтайлы жабық циклдерді құру болып табылады. Осы мақсатта әрекет етіп отырған мақта өңдеу зауыттарын бастапқы өңдеудің жаңа технологиясын пайдаланумен жаңғырту қажет.

Бүгінгі күні мақта-талшығы өндірісімен 5-6 тоқыма кәсіпорындары айналысады, сондықтан елімізде мақта-талшығының оннан бір бөлігі өңделеді. Мұнымен қатар жоғары қосымша құнмен өнім өндірісі және оның сатылу мүмкіндігі жіберіледі. Мақта-талшығының орташа, 10 % жергілікті тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін негізгі шикізат ретінде тікелей бағытта қолданылмай отыр.

Мақта-талшығы өндірісі көлемінің серпіні 3-суретте көрсетілген.

2015 жылы мақта-талшығы өндірісінің көлемі 46,6 мың тоннаны құрады, яғни 2014 жылдың деңгейімен салыстырғанда 37% төмен. Егер 2014 жылы мақта-шикізатының жалпы жиылымның (313,3 мың тонна) 23,5% мақта-талшығы (73,8 мың тонна) өңделген болса, 2015 жылы жалпы жиылымның 18,3 % немесе 46,6 мың тонна мақта-талшығы өңделген.

Әлемдік тауарлық нарықтағы бағаның түзілуімен байланысты үдерістерді талдау кезінде, жалпы сипаттағы және таза қолданбалы түрдегі бағаның қалыптасуына ықпал ететін барлық факторларды ұқыпты зерттеу қажет. Өндірушілердің қандай шығындары тауарды сатқаннан кейін орны толтырылады, табыс, пайда деңгейі қандай, әрі қарай ресурстар бағыттала ма, сыртқы экономикалық қызметті (СЭЖ) әрі қарай кеңейту үшін ынталандырулар пайда бола ма, мұның барлығы бағадан тәуелді болады.



3-сурет – 2002-2015 жылдардағы мақта-талшығының өндірісі, мың тонна

Егер іргелі факторларды ұқыпты қарайтын болсақ, онда әлемдік мақта нарығында бағаның күрт өсуі бірқатар себептермен негізделгенін көруге болады:

1. Бірнеше маусымдар ағымында мақтаны әлемдік тұтынудың өсімімен;

2. Өсіру аймақтарындағы қолайсыз ауа-райы шарттарымен (2010 жылдағы Қытай және Пәкістандағы су тасқыны, 2011 жылы Индияда зиянкестермен плантациялардың бүлінуі және мақтаның әлемдік ұсынысының шектелуіне алып келетін экспорттың шектелуі);

3. Жекелеген маусымдарда әлемдік мақта нарығы теңгерімінің тапшылығымен;


4. Әлемдік көлемде өнеркәсіптер үшін мақта қорының қысқаруымен ынталы жеткізулермен;

5. Жүгері және мақта арасында егістік алқаптарының бәсекесімен;

6. Техникалық факторлармен: АҚШ доллары курсының төмендеуімен, биржалық бағада алып-сатарлықтың күшеюімен.

Анықтаушы фактор әлемдік мақта нарығының жалпы тапшылық жағдайы болып табылады. Әлемде мақта өндірісі үрдісінің бірнеше маусымдар бойынша төмендеуі, қорлардың қысқаруына алып келді. Әлемдік мақта комитетінің мәліметтері бойынша (ICAC) қол жетімді мақта қорлары 5 маусымда 53%-дан 41%-ға дейін төмендеді, бұл соңғы 15 жылдағы минималды көрсеткіш болып табылады.

Бұл жағдай қазақстандық мақта экспорты көлемінің өзгерісіне, сәйкесінше мақта-талшығының экспортты құнының өзгерісіне алып келді. Мақта-талшығының экспортты құнының жыл сайынғы ауытқуы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет – 2003-2015 жж. мақта-талшығының экспорты мен экспорттық құны

Мақта бағасы әлемдік нарықтағы котировкаға қатысты болады, фунт үшін Американдық центпен өрнектеледі, 1 тоннаға АҚШ долларындағы мәнін алу үшін ауыстыру коэффициенті 22,046 қолданылады, оған белгіленген баға мәні көбейтіледі.

Мақтаға қойылатын нарықтық бағаның негізгі әлемдік көзі АҚШ-та биржада саудаға түсетін мақта талшығына фьючерстің белгіленуі болып табылады. Сауданың жүргізілетін негізгі орындары Intercontinental Exchange (ICE), New York Mercantile Exchange (NYMEX). Сауда электронды режимде қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету болған кезде жүргізіледі, оларды нақты уақыт режимінде көруге болады, ал әлемдік аналитикалық компания Cotton Outlook материалдары әлемдік мақта нарығында барометр болып табылады.

Бүгінгі күні Котлук Индекстері саудалық, мемлекеттік және халықаралық (ICAC, UNCTAD) ұйымдарымен әлемдік нарықта мақта бағасының бағаларының ауытқуын өлшеудің дәл құралы ретінде мойындалған. Мақта-талшығын өндіруші бірқатар ірі елдер Индекстерді немесе олардың жекелеген компоненттерін өзінің ұлттық фермерлік заңдарында қолданады.

Компания әр күні мақтаны өсіретін негізгі аймақтардың шикізатына Cotlook Indices белгіленген бағаны жариялайды. Бағалар 1 фунт салмақ үшін АҚШ центімен Солтүстік-Еуропалық портқа кеменің келуі бойынша құжаттарға сәйкес СИФ төлемінің шартымен өрнектелген және агенттің еңбек ақысынан тұрады. Котировка мәміле жасалған деңгейді емес, ұсынылған бағаның бәсекелік деңгейін өрнектеуге арналғандықтан, тұтынушылар белгіленген бағадан сәл төмен бағада мәміле жасауға ұмтылады. Нарықтың статистикалық мәліметтерін талдау көмегімен мақта бағасына қандай экономикалық факторлардың ықпал ететіні жөнінде жалпы болжамды жасауға болады.

ТМД елдерінде мақта-талшығын сату кезінде «Дайджест» журналында жарияланатын РФ Федералды кедендік қызметінің мәліметтері нарықтық бағаның көзі болып табылады.

Мақта өте ерекше өнім, ол негізгі экономикалық индекстермен және валюта курсымен әлсіз байланысады. Осы себептен неғұрлым егжей-тегжейлі бағалау талап етіледі.

Мақта-талшығы үшін 5 арнайы мойындалған нарықтық баға көзі бекітілген, олармен қазақстандық экспортшылардың мәміле бағасын салыстыруға болады. Мақта-талшығының нарықтық бағалары жөнінде қолданылатын ақпарат көздері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Мақта-талшығына нарықтық баға жөніндегі ақпарат көзінің әдістемеді қолданылған мақта-талшығының нарықтық бағасы жөніндегі ақпарат көздері

Журналдар	Әдістемесі
«Цена Дайджест» журналы мен «Ценовая информация» бюллетені	Ресей, Беларусь, Украина, Латвия және Молдавияға жеткізілімге қатысты
Cotlook Cotton Quotes (арнайы сайты)	Оңтүстік-Шығыс Азияға жеткізілімге қатысты
Thomson Reuters EIKON (арнайы сайты)	Еуропа елдеріне жеткізілімге қатысты (басқа аймақтарда аталғандарды ескермегенде)

2015 жылдың жиылымына дейін Cotton Limited «А» индексі базалық ұзындығы 1-3/32 дюйм мақта үшін есептелді. 2015 жылдан бастап «А» индексі ұзындығы 1-1/8 дюйм болатын мақта үшін бағаны көрсетті. Сәйкесінше, бұрын әрекет еткен сұрыптық жеңілдіктер кестесі өзектілігін жоғалтты.

Өзбекстанда мақта үшін жеңілдіктер жүйесі әрекет етеді, талшық түріне қосымшалар бар, оның базасы ретінде ұзындығы 1-3/32 дюйм болатын мақта қабылданды. Ұзындығы 1-1/8 дюйм болатын мақтаға +0,0137 (баға 1,0137 коэффициентіне көбейтілді) мөлшерінде қосымша беріледі.

Сәйкесінше, мақтаның базалық ұзындығын арттырған кезде (ұзындығы 1-1/8 дюйм база болып қалды), ұзындығы 1-3/32 дюйм болатын мақта үшін кері коэффициент – 0,0137 (баға 0,9863 немесе 0,986 коэффициентіне көбейтіледі) қолданылды.

Нақты өмірде қор нарығындағы трейдер ретінде өндірушілер мен саудагерлер бағаның өзгеруі бағытын бақылауға алады. Айырмашылығы тек уақытында. Нарықта қалыптасқан бағадан экономиканың нақты секторындағы бағаға дейін уақыт қашықтығы ғана болады.

Әлемдік нарықта болып жатқандарды ескере отырып, трейдингте саудалық шешімдер мен экономиканың нақты секторындағы маркетингтік шешімдерді үлкен ықтималдылық үлесімен жоспарлауға болады.

Ұсынылған бағаның мониторингі әрбір жұмыс күнінде Ұлыбританияда жүргізіледі және Индекспен бірге жергілікті 14.30 уақытында жарияланады. Баға Cotton Outlook компаниясының редакторлық ұжымымен қойылады және оның мүшелері қандай да бір

операциялар мен мәмілелерде қатыспайды. АҚШ центімен бір фунт салмақ үшін бағаның белгіленуі өрнектелген. Өйткені котировка жасалатын мәміленің деңгейіне емес, ұсынылып отырған бағаның бәсекелік деңгейін көрсетуге арналған, сатып алушы көбінесе ұсынылып отырған баға деңгейінен төмен деңгейде мәміле жасауға ұмтылады.

Cotton Outlook Индекс А және Солтүстік-Еуропалық Индекстер осы күндізгі котировканың негізінде есептеледі.

Қазіргі таңда Cotton Outlook индексі мемлекеттік және халықаралық, саудалық ұйымдар арасында әлемдік нарықта мақтаның бағасын өлшейтін нақты құрал ретінде танылуда. Мақта-талшығын өндіруші алуан мемлекеттер өзіндік ұлттық фермерлік заңнамаларында Индекстерді немесе олардың бөлек компоненттерін қолданады.

Өзбекстан Республикасы бағаның түзілуін Cotton Outlook «А» Индексіне сәйкес, қатаң «ашық» жүргізеді. Сіз әрқашан белгілі бір күнге және сағатқа, тұтынушыңызға қажетті сұрып және сынып түрлеріне жеңілдіктерді ескере отырып, бағаны есептей аласыз.

Ал қалған бұрынғы КСРО-ның мақта экспорттайтын орталық азиялық республикалары Cotlook индексін қатаң қолданбайды, сондықтан мақта талшығы бағасын жабдықтаушыдан дәл анықтап алу қажет. Көбінесе ол ай ағымында

болады. Олар индексті ескереді, бірақ мақтаны өсіру жеке меншікке тиесілі болғандықтан, едәуір жеңілдіктерге келісуге болады.

Индекс салмақ фунты үшін бағаны центпен өрнектейді. Тонна мен долларға айналдыру үшін индексті 22,046 көбейту қажет. Алынған нәтиже 1 тн үшін белгілі бір күнге 5 типіндегі 1 сұрыпты орта сыныптағы мақта-талшығының бағасын көрсететін болады.

Әлемдік бағаға ықпал ететін негізгі факторлар ауа-райы және мақта-талшығының негізгі және әлемдік өндірушілері мен тұтынушылары – Бразилиямен, АҚШ-пен және Қытаймен мақта экспорты мен импорты, экономикалық дағдарыстармен, дақылдың болмауымен байланысты шарттар болып табылады.

Қазақстандық мақта-талшығының экспорты кезінде Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық Министрлігімен нарықтық бағаны анықтаудың қазіргі әдістерін өңдеу мақсатында, Қаржы Министрлігінің мемлекеттік кірістер Комитетінің, ҚР кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасының және «Қазақ мақта ассоциациясы» ЗТҰ мамандарының қатысуымен, әлемдік тәжірибені ескере отырып, экспорт кезіндегі қазақстандық мақта-талшығына бағаның түзілуінің әдістемесі жасалды. Бұл әдістеме экспорт кезінде мемлекеттік органмен, сондай-ақ экспортшы-компанияларымен бірыңғай талапты қоюға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан аймақтары 2014 жыл. Статистикалық жинақ// Статистика жөніндегі Қазақстан Республикасының Агенттілігі / редакторы А.Смаилов. – Астана, 2015.
- 2 Оперативті статистикалық мәліметтер. ҚР Агенттігінің сайты //www.stat.gov.kz
- 3 Закон РК «О трансфертном ценообразовании», постановление Правительства РК от 12 марта 2009 года №292 «Об утверждении Перечня официально признанных источников информации о рыночных ценах».
- 4 [http://www.cotlook.com/index.php?action=explain\\_cot\\_indices](http://www.cotlook.com/index.php?action=explain_cot_indices).

#### References

- 1 Kazakhstan aimaktary 2014 zhil. Statistikalik zhinak // Statistika zhonindegy Kazakstan Respublikasinin Agenttigi / redaktory A.Smailov. - Astana, 2015
- 2 Operativty statistikalik malimetter. KR Agenttiginin saity / /www.stat.gov.kz
- 3 Zakon RK «O transfertnom tcenoobrazovanii», Postanovlenie Pravitelstva RK ot 12 marta 2009 goda №292 «Ob utverzhdenii Perechnya ofitcialno priznannih istochnikov informacii o rinochnyh tce nah».
- 4 [http://www.cotlook.com/index.php?action=explain\\_cot\\_indices](http://www.cotlook.com/index.php?action=explain_cot_indices)